

**"Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген өсімдіктерді қорғау құралдарын тіркеулік сынауларын жүргізудің, мемлекеттік тіркеу мен қайта тіркеудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 226 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы "**

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 2000 жылғы 11 шілде N 182 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 2 тамызда N 1209 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 222 бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2000.04.14 N 222 бұйрығымен.**

Келісілді Келісілді Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитарлық Табиғи ресурстар және қоршаған бас дәрігерінің орынбасары ортаны қорғау министрлігінің 21 шілде 2000 ж. Қоршаған ортаны қорғау комитеті төрағасының міндетін атқарушы 13.07. 2000 ж.

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 қарашадағы N 1731 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жөніндегі ереженің 10 тармағының 7) тармақшасына және 11 тармағының 7) тармақшасына сәйкес Бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 4 қаңтарда 1023 нөмірімен тіркелген "Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген өсімдіктерді қорғау құралдарын тіркеулік сынауларын жүргізудің, мемлекеттік тіркеу мен қайта тіркеудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 226 бұйрығына мына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген өсімдіктерді қорғау құралдарын тіркеулік сынауларын жүргізудің, мемлекеттік тіркеу мен қайта тіркеудің тәртібінде:

3 тармақ мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Тіркеулік сынауларды орындаушылар Ауыл шаруашылығы министрлігіне препараттарды тіркеу мүмкіндігі туралы қорытындылар мен нақты ұсыныстары бар осы сынаулардың нәтижелері туралы есептер тапсырады. Тіркеулік сынауларды жүргізудің сапасын бақылау Ауыл шаруашылығы министрлігінің

аумақтық басқармаларына жүктеледі.

Жекелеген жағдайларда пестицидтердің тіркелген шығын мөлшерін анықтау мақсатында олардың биологиялық тиімділігін тексеру жүргізілуі мүмкін. Аталған тексеру Ауыл шаруашылығы министрлігінің бастамасымен ғалымдарды, ғылыми-зерттеу және басқа мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлерін тартумен, Ауыл шаруашылығы министрлігінің орталық аппараты мен аумақтық басқармаларының қызметкерлерінен құрылатын комиссиямен жүргізіледі.";

11 тармақ мына редакцияда жазылсын:

"11. Жаңа әсер етуші заты бар препараттардың тіркеулік сынаулары үш толық вегетациялық кезең бойында жүргізіледі: бірінші мен екінші жылдары - далалық сынау, үшінші жыл - өндірістік сынау. Қажет болған жағдайда Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркеулік сынауларды жүргізудің мерзімін бір жылға ұзартуы мүмкін.

Далалық сынаулардың нәтижелері бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігі өндірістік сынауларды жүргізудің аймақтары мен алаңдарын айқындайды, ал өндірісте сыналып жатқан препараттардың тұрақты биологиялық тиімділігі расталмаған жағдайда далалық сынауларды жалғастыру туралы шешім қабылдайды."

12 тармақ мына редакцияда жазылсын:

"12. Бұрын тіркелген препараттардың құрамына кіретін әсер етуші заттардан тұратын препараттар үшін, сондай-ақ әсер етуші затының пайыздық мөлшерінің өзгеруі және қолданудың аясын кеңейту кезінде далалық сынаулардың мерзімі бір вегетациялық кезеңге дейін қысқартылуы мүмкін. Аталған препараттардың өндірістік сынаулары Ауыл шаруашылығы министрлігінің келісуі бойынша далалық тәжірибелермен қатар жүргізілуі мүмкін."; 34 тармақ мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын: "Өсімдіктерді қорғаудың химиялық құралдарын мемлекеттік тіркеу препараттардың далалық тіркеулік сынауларының нәтижелері өндірісте расталғаннан кейін жүргізіледі. Препараттардың өндірістік сынаулардың нәтижелері Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық басқармаларының басшылары қол қойған актілермен расталуы керек.". 2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді. Министр Оқығандар: Багарова Ж.А. И к е б а е в а А . Ж .